

ЕСІМДІКТЕР ЖӘНЕ ОНЫҢ КЕЛІП ШЫҒУ ТАРИХЫ**Абдуалим Алимкулов**

Ташкент облысы Шыршық мемлекеттік педагогика институты

Қазақ тілі және әдебиеті бағытының 2-курс студенті

<https://doi.org/10.5281/zenodo.6636393>

Аннотация. Қазақ тіліндегі есімдіктердің жеке дербес сөз табы немесе есім сөздердің орнына жұмсалатын орынбасар сөз табы болуы, түрлері және олардың жасалу жолдары мен мағыналарын толықтай көрсетіп беру

Кілім сөздер: Есімдік, сөз таптары мен топтары, зерітмелу нысаны, грамматика, орынбасар сөз табы.

МЕСТОИМЕНЕНИЯ И ИСТОРИЯ ИХ ПРОИСХОЖДЕНИЯ

Аннотация. Местоимения в казахском языке имеют свою личную лексику или замещающую лексику, которая употребляется вместо существительных, подробное описание видов и способов их образования и значения

Ключевые слова: Местоимения, классы и группы слов, объект исследования, грамматика, замещающая лексика.

PLACES AND HISTORY OF THEIR ORIGIN

Abstract. Pronouns in the Kazakh language have their own personal vocabulary or substitute vocabulary, which is used instead of nouns, a detailed description of the types and means of their formation and meaning

Keywords: Pronouns, classes and groups of words, object of research, grammar, replacing vocabulary.

КІРІСПЕ

Бүгінгі күннің басты талаптарының бірі – қоғамға білімді, саналы, жан-жақты дамыған азаматтарды тәрбиелеу бүгінгі күннің ең басты талаптарының бірі болып саналады. Оқушыларға қазақ тілінен теориялық білім мен практикалық дағды берудің мәні үлкен. Қазақ тіліндегі есімдік сөз табының және олардың жасалу жолдарын, өзіндік ерекшеліктерін, оның түрлері және сөйлемде атқаратын қызметтері мен қасиеттерін меңгеру және оның тиімді әдіс-тәсілдерін қарастырудың орны ерекше. Жаңа дәуірге жаңаша үн қосу мақсатында әр сабақты түрлендіре отырып, жаңа дәуірге сай білім берудің әдістер мен қалыптарынан пайдалана отырып сабақ өту - әр оқытушыға қойылатын басты талап болмақ. Қазақ тіліндегі есімдіктердің пайда болуы мен есімдіктердің даму тарихи туралы ғалымдардың пікірінен мағлұмат беру және есімдіктердің өзіндік ерекшеліктерін танытудың жолдарын айқындау. Есімдіктердің есім сөздер орнына қолданылатын орынбасар сөз табы немесе жеке дербес сөз табы екендігін анықтау және оның мағыналары мен түрлері соң жасалу жолдарын анықтау жұмысымыздың негізгі мақсатын құрайды.

ЗЕРТТЕУ МАТЕРИАЛДАРЫ МЕН ӘДІСТЕМЕЛІКТЕРІ

Қазақ тілінде есімдік дербес сөз табы ретінде қарастырылып жүр. Ал орыс тілінде бұл мәселеде екі түрлі көзқарас болды. Ғалымдардың біразы есімдікті есім сөздермен бірге қарау керек десе, кейбір ғалымдар есімдік өз алдына жеке сөз табы болу керек деп санайды. Есімдіктерді есім сөз таптарымен бірлікте қарау керек дейтін пікір ұстанушы

ғалымдардан А.Шахматов, А.М.Пешковский, А.Н.Гвоздеві атауға болады. Ал есімдікті жеке сөз табы деген көзқарасты дәлелдеушілер: В.В.Виноградов, Е.Н.Сидоренко.б. Есімдіктерді арнайы зерттеген - ғалым А.Ибатов. Ғалым А.Ибатов есімдіктердің сөз табы ретіндегі тұлғасын, олардың мағыналық топтарын жеке-жеке сөз етеді. Ғалым: «Қазақ тіліндегі есімдіктер өзге де сөз таптары сияқты сөздерді таптастырудың белгілі жүйеге түсіп қалыптасқан негізгі үш принципіне сай лексика-семантикалық мағынасына, морфологиялық белгілеріне және синтаксистік қызметтеріне байланысты жеке бір дербес сөз табы болып бөлінеді» -деп, « ...оларға 1) мағыналары тым жалпы, 2) контексте қолданылу мақсатына қарай әр қилы нақтылы мағыналарға ие болып отыратын сөз табы, 3) әрқашан субъективті қатынаста қолданылатын сөздер» - деген түсінік береді .

Есім сөздер мен есімдік сөз табының түрлері және мағыналары мен жасалу жолдары жұмысқа негізгі материал болады. Есімдік сөздердің қазіргі қазақ әдеби тілінде алатын орны ерекше. Ұсынылып отырған жұмыстың нәтижелерін оқу орындарында, мектепте есімдік сөз табын оқығанда, қазақ тіліне деген қызығушылығы бар жастар пайдалануға болады. Жоғары сынып оқушыларының реферат жұмыстарын жазу барысында әдістемелік көмекші құрал бола алады.

ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Есімдіктердің пайда болуы туралы ғалымдардың пікірі:

Қазақ тілінде есімдік сөз табын дербес сөз табы деп қарастырылса, орыс тілінде екі түрлі көзқараспен қарайды екен. Бірнеше ғалым есім сөздермен бірге қарастырса, ал кейбіреулері есімдік жеке өзі сөз табы болу керек деген ұғымдарда баршылық. Есім сөз таптарымен біргелікте қарау керек дейтіндер А.А.Шахматов , А.М.Пешковский, А.Н. Гвоздеві атауға болады. Ал жеке сөз табы деп пікір ұстанушылардан В.В.Виноградов, Е.Н.Сидоренко т.б

Қазақ тілінде есімдіктер жайлы мәліметтер А.Байтұрсынов, А.Ысқақов , А. Ибатов, Қ. Жұбанов , А.Төлеуов еңбектерінде орын алған. Бұл ғалымдар есімдіктерді көбінесе орынбасар сөз табы деп зерттеген. Байтұрсынов А. есімдіктер есім сөздердің яғни зат есім сын есім сан есім орнына қолданылатын сөздер деп анықтама берген.Ол бұл мәліметті дәлелдей отырып есімдікті мағыналық жағынан бес топқа бөледі. Олар: 1) жіктеу есімдігі 2) сілтеу есімдігі 3) сұрау есімдігі 4) жіктеу есімдігі 5) танықтық есімдігі . Қазіргі есімдік түрлерінен саны мен де, атауы мен де айырмашылық бар. Дегенмен ол жіктеу есімдігін екі рет қайталап отырғанын себебі бірінші түріне қазіргі мен , сен , ол деген жіктеу есімдігін кіргізсе, екіншісіне барлық ,барша,бәрі деген жалпылау есімдігін жатқызады.

Профессор Қ. Жұбановтың Орынбасар сөз табы яғни есімдік сөз табы түбір болып та, қосалқы шылау болып та келетіні жайлы анықтама беретін. Тағы да ол зат есім орнына (мен, сен, ол), зат пен сынның орнына (бул, сол, ол), сын есім орнына (мундай, сондай) етістік орнына (сонша, мұнша, олай, бұлай, өйтіп, сөйтіп, сөйтеді), ал жалғауыш орнына (өйткені, онда) деген есім сөздерді жатқызатын болатын. Бундай есімдік сөздер қатарына кіретін сөздерді есімдіктен тыс,басқа да сөз таптарынан болатынын айтып өтеді.

Ғалым А. Ысқаков заттың белгісін білдіретін сөздердердің орынбасарлары есімдіктер деп сипаттайды. Ал Ә. Төлеуов болса орынбасарлық қызметті есімдіктің белгілі бір топтарына ғана жатқызады, яғни жіктеу ,сілтеу, сұрау есімдіктері өзінен бұрын айтылған есім сөздердің орынбасары болып саналады дейді.

Есімдік сөз табын арнайы зерттеген ғалым А.Ибатов болатын. Ибатов есімдіктердің сөз табы ретіндегі тұлғасын, олардың мағыналық топтарын жеке сөз етеді. Ол қазақ тіліндегі есімдіктер басқа сөз таптары сияқты сөздерді топтастырудың белгілі жүйеге түспей қалыптасқан негізгі үш принципіне сай морфологиялық белгілеріне, лексика-семантикалық мағынасына және синтаксистік қызметтеріне байланысты жеке дербес сөз табы боп бөлінеді. Олар мағыналары тым жалпы, контексте қолданылу мақсатына қарай әрқилы нақтылы мағыналарға ие болатын сөз табы, әр дайым субективті қатынаста болатын сөздер деп анықтама береді. Есімдіктердің өзіндік тарихи дамуы бар, өйткені есімдіктер көне сөздер сапынан орын алады. Бұл туралы да: «Есімдіктердің өте ерте заманда пайда болуы, еңалдымен, олардың мағыналарының тым жалпылама түрде келуінен көрінсе, олардың түбір сөздері мен қосымшаларында кездесетін өте көне формалардың сақталып қалуынан да айқын көрінеді» - дейді.

ТАЛҚЫЛАУ

Қазақ тілінде грамматикалық құрылысының ана тілімізде зерттеліп жарық көруі өткен ғасырдың алғашқы 10-15 жылдарынан басталады. Оның бастауы 1914 жылғы «Тіл құралы» деген атпен Орынборда жарық көрген. А.Байтұрсынұлы жазған оқулық сөздерді тапқа бөлу де осы оқу құралынан басталады. Оқулық авторы сөздерді алдымен атауыш сөздер, шылау сөздер, одағайлар деп үш топқа бөледі де бұлардың біреуіне зат есім, сын есім, сан есім, етістік, есімдікті, екіншісіне үстеу, демеу, жалғаулық деп аталатындарды жатқызады, одағайды өз алдына еліктеуіш, лептеуіш деп екіге бөледі. Осы еңбегінде айтылған пікірлерін «Тіл құралының» 1924 жылғы басылымында кеңейте, дәлелдей түседі.

Қазақ тіл білімінде есімдік жеке сөз табы ретінде алғаш мектеп грамматикасының көлемінде қарастырылды. Қазақ мектептерінде қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулық А. Байтұрсынұлының оқулықтары болды. Оның "Тіл-құралдары" (үш кітап) қазақ тілінің фонетикалық және грамматикалық құрылымын талдап, жүйелеп, танытып берген оқулықтар еді. Ғалымның 1914 жылғы бірінші «Тіл-құрал» оқулығында есімдік орынбасар сөз табы ретінде көрсетілген. Онда есімдікке мынадай анықтама берілген: басқа есім сөздердің зат есім, сын есім, сан есімдердің орнына жұмсалатын сөздерді есімдік дейміз.

Қазақ тіл білімінің ғалымдары І. Кеңесбаев, К. Аханов, А. Ысқақов, Н. Сауранбаев, М.Балақаевтардың грамматикалық оқулықтарында да сан есімдердің мағыналық топтары, жасалу жолдары туралы пікірлер қамтылды.

1954 жылы шыққан қазақ тіл білімінің фонетика, лексика және грамматика мәселелерінен жан-жақты мағлұмат беретін "Қазақ тілі" атты еңбекте сан есім жайында аздаған мәлімет берілді.

Салыстырмалы тілдерде есімдік сөз табы зат есім,сын есім,сан есімдердің орнына қолданып, жалпылықты және абстрактылықты білдіреді. Есімдік сөз табының дәл қайсы сөздің орнына жұмсалып отырғанын контекст арқылы, одан алда тұрған сөз арқылы ғана анықталады. Олар барша түркі тектес тілдерінде есім сөздердің орнын басып, мағынасы мен атқаратын қызметі бір-біріне дәл келеді. Есімдіктер көне түркі тілдерінде көп қолданылып туралы, егер оларды қазіргі тілдермен салыстырсақ, ұқсастығы анық айқын байқалады. Мысал ретінде "маған" деген сөзді алатын болсақ орхон-енисей ескерткішінде "мана" ,"бақа"; қарақалпақ тілінде "маған"; қырғыз тілінде "мага"; өзбек тілінде "менга";

ұйғыр тілінде "маңа" ; түрікмен тілінде "маңа". Салыстырғанымыздай есімдік сөздеріміз кейбір фонетикалық өзгерістерге ұшырағанын есепке алмасақ, олар негізінен өз ескі қалпын сақтап қалғандығы мәлім. Бұл сөздер түпкі негізі ұқсастығын көрсетеді. Сол үшін есімдік сөз табын ескі сөз таптарына қатарына жатқызуға болады. Бұған анық дәлел 11-ғасырдың ескерткіштері "Құдатғу білік", "Диуани луғат ат-түрк" жинақтарында да есімдіктер кеңінен қолданылған.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақ тілінде есімдіктер жеке дербес сөз табы немесе орынбасар сөз табы болып келуінің айырмашылықтары үлкен. Дегенмен кейбір ғалымдарымыз жеке сөз табы деп қарастырса, кейбір зерттеушілеріміз есімдіктер орнына жұмсалатын орынбасар сөз табы деп айтатын. Қазіргі кезге дейін бұл мәселе нақты тоқтамға келген жоқ. Дегенмен осы екі түрде де қолданып келеді. Бұларды толықтай біліп, үйрену үлкен маңызға ие. Осы жұмысты жазу барысында мен мұны ең басты мәселе деп алдым. Себебі есімдіктер үйрену барысында түрлі ділгірліктер пайда болуы мүмкін. Сөз таптары сөздердің белгілі жүйесінде қалыптасқан грамматикалық топтары болып табылады, сондықтан сөз таптары мен сөздерді түрге бөлуге ол сөздердің грамматикалық сипаттары мен белгілері негіз бола алады. Сөздерді сөз таптарына бөліп қарау сөз таптарына қатысты тұрақты белгілерінің негізін де, жүйелі принциптер негізінде айқындалуы керек. Ол принциптер сөздердің грамматикалық сипаттарына негізделеді. Тіліміздегі барлық сөздерді грамматикалық жағынан топтастырғанда, белгілі екі сөз таптарына бөлгенде төмендегі үш принципке сүйенеміз, олар негізінен атаушы сөздерге ғана қатысты болып келеді. Сөздерді топтастырудың үш синтаксистік принципі сөздердің сөйлемде өзіне тән белгілі қызмет атқарумен және сол сөздердің тіркесу сипатымен яғни қандай топтағы сөздермен қалай тіркесе алумен байланысты.

Қорыта айтқанда, кіріспе мен негізгі бөлімде есімдіктердің пайда болуы туралы ғалымдардың пікірі мен есімдіктердің мағыналық топтарының зерттелу жолдары жан-жақты баяндалған. Осы тақырыпқа байланысты зерттеуші-ғалымдардың пікірлері толық көрсетілген.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. А.Байтұрсынов "Тіл тағылымы" Алматы. 1992.
2. Ә. Төлеуов "Сөз таптары" Алматы, Мектеп, 1982.
3. Балақаев М "Қазіргі қазақ тілі" Алматы 1992.
4. Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. –Алматы: "Арыс", 2007.
5. Ш.К.Бектұров " Қазақ тілі" Алматы, "Атамұра" 2006.